



БҰЙРЫҚ

26.02.2021 ж.

Махамбет ауылы

ПРИКАЗ

№ 26

село Махамбет

Білім беру ұйымында білім алушыларға ыстық тамақты ұйымдастыру қызметі бойынша өнім берушіні таңдау конкурсын өткізу туралы

«Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 маусымдағы №235 бұйрығының 1-п 4-тармағының 2-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім алушыларға ыстық тамақты ұйымдастыру қызметі бойынша өнім берушіні таңдау конкурсы өткізілсін.

2. «Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясы» КММ-інде білім алушыларды тамақтандырумен қамтамасыз ету бойынша тауарларды жеткізу жөніндегі конкурсқа түскен әлеуметтік өнім берушінің біліктілік талаптарын және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында конкурстық комиссия құрамы төмендегідей бекітілсін:

1) Идркенова Талшын Габитовна-мектеп-гимназия директоры - комиссия төрағасы;

2) Тәжікова Гүлбаршын Еділқызы - аудандық білім бөлімінің бас маманы (келісім бойынша), мүше;

3) Тулешова Майра Махамбетовна - әлеуметтік педагог, мүше;

4) Тарабрина Оксана Владимировна - мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары, мүше;

5) Уаисова Нәсіп Орынбасарқызы - мектептің бас есепшісі, мүше.

3. Конкурстық комиссия отырысында комиссия жұмысын бақылаушы мақсатында төмендегідей құрамда байқаушылар құрамы бекітілсін:

1) Тәжігүл Руслан Әсетұлы - «Нұр Отан» партиясы Махамбет аудандық филиалының «есеп және статистика» секторының меңгерушісі (келісім бойынша);

2) Көшмағанбетов Болат Наурызұлы - қамқоршылық кеңесі төрағасы (келісім бойынша);

4. Конкурстың комиссия хатшысы қызметі және комиссияның ұйымдастырушылық қызметін бекітілген ережеге сай жүргізу мектеп есепшісі Шахманова Айгул Манатовнаға жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп-гимназия директоры



Т.Идренова